Үлкендер жолы – ұлық!

АЛАТАУ Ардагері

ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№8(8) 15 желтоқсан 2023 жыл

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАСИЕТТІ, ҰЛЫ ҰҒЫМ

16 желтоқсан – ата бабамыздың арманы орындалып, жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген Тәуелсіздік күні. Тәуелсіздік – ол ұлттық мемлекеттік, оның тамыры – жасампаздық рух, ұраны – ел мен халық. Өміршеңдік пен кемелділік аясында өмір сүріп, бейбітшілік, татулық туын биікке көтерген Қазақстан халқы жаңа әлемнің жаңалықтарына ұмтыла береді.

«Рухы бір – қандас, жүрегі бір – жандас» дейді дана халық. Егер егемендік тұсында елдігі бекем, тұғыры биік жұрт болсақ, оған халықтың да қосқан үлестері қомақты. Халқымызда «Теңдес ағайын баспанасымен, дербес халық астанасымен мақтанады» деген сөз бар. Келген қонақ үйге кіріп, иесін сынаса, өзге жұрт ордасын көріп, елін таниды. Сол сияқты қай қазақтың да «жан-жүрегім» деп марқаятын да, «өз сарайым» деп айта алатын да дарабоз, ақордалы, биік, бәйтеректі, самалдай кең шатырлы Астанасы бар, тәуелсіз Қазақстаны бар. Тәуелсіздіктің қадірі-бостандықтың қасиеті. Отан деген ұлы ұғым – осы.

Отанды сүю – ерекше бақыт, ал оның аптабына күйіп, аязына шыдау-әркімге бұйыра бермейтін бөлек дүние. Оның жолында оза шапсаң да, шоқтай жансаң да, жанып жатып арманда қалсаң да жарасады. Бұл – ата-бабаларымыздың асыл арманы. Біз тәуелсіздікті бабалардың нақылымен, халқымыздың парасатты ақылымен алдық. Тәуелсіздік – тарихтың толқыны, шайқалмай, уақыттың соққысын байқамай өз бетінше тұратын тұғыр ғана емес, оны қолда ұстап тұратын тек шарболаттай шындалған рух, наркескен жаңашыл мінез, арайлы ақ таң үшін күрес. Міне, мәңгілік жасайтын елдің өмірлік ұстанатын кепілі – осы. Мыңжылдықтар тоғысар тұста тәуелсіздік таңын көру бақыты бүгінгі қазақстандықтардың пешенесіне жазылды.

Тәуелсіздік бізге ұлттық, аймақтық және жаһандық өлшемде шексіз жауапкершілік жүгін артты. Біз осынау ұлы тағдырды қабыл алып, бірлігіміз бен еңбегіміз арқылы тарих сынағынан сүрінбей өтіп келеміз. Халқымыз Тәуелсіздіктің мызғымас тұғырын бекітіп, Әділетті Қазақстанды құру жолындамыз. Сол себепті, Тәуелсіздік күні – баршамыз үшін, күллі қазақстандықтар мен әлемнің барлық қиырындағы достарымыз үшін ұлы мереке.

Әр ұлт, әр халық үшін тәуелсіздіктен артық қасиетті де қымбат ештеңе жоқ. Еліміз алып, құқықтық, дербес демократиялық мемлекет ретінде әлемге танылды. Дәйім осы биіктен көріне беруге жазсын. Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! Өркениет көшіне ілескен халқымызға гүлдену мен көркею тілеймін..

Бүгін-бабаларымыз сан мыңдаған жылдар бойы армандаған тәуелсіздік күні. Осынау мерекемен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! Еліміздің аспаны ашық, керегесі кең болсын. Отанымызда орнап тұрған тыныштық пен берекенің ғұмыры ұзақ болғай!

ЕРБОЛАТ ТҰРЫМБЕТОВ,
«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы.

Жыл жемісі

ЖЫЛДАР БЕЛЕСІНДЕГІ БЕРЕКЕЛІ ІСТЕР

Тәуелсіз Қазақстанның көркейген келбетіне ажар беріп, абыройын биіктете түсетін игіліктердің бірі – еліміздің өркендеуіне өздерінің сүбелі үлесін қосып келе жатқан еңбек тұғырындағы толайым табыстарымыз бен елеулі жетістіктеріміз. Еліміздің қоғамдық-саяси дамуымен, өзгерістерімен, жаңартуларымен қатар қозғалысқа түсіп, еңбек етіп келе жатқан саланың бірі ардагерлер ұйымы деп айтуға әбден негіз бар. Іргелі ұйымның бүгінгі тыныс-тіршілігі талапқа сай, іс-шаралары ауқымды әрі мазмұнды. Алдыңғы толқын ардагерлердің қолдауымен өтетін барлық іс-шаралар-мемлекеттік ірі іс-қимылдарға қозғалыс беретін маңызы зор, ауқымы кең саяси оқиғалар. Ел өмірінде өтіп жатқан маңызды оқиғалардың барлығы қарттардың үн қосуымен өтіп, еліміздің ілгері дамуындағы көзге түсетін елеулі артықшылықтар екенін танытты. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалы үстіміздегі бірқатар іс-шараларды өткізіп, жылды табыспен қорытындылауда. Айтар болсақ, шілде айында Іле ауданының Ащыбұлақ округіне қарасты М.Түймебаев ауылында облыстық ардагерлер ұйымы «Ардагерлер мен зейнеткерлердің қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуын арттырудағы ардагерлер ұйымдарының рөлі мен міндеттері туралы» тақырыпта семинар өткізді. Бұл семинардың мақсаты ардагерлер мен зейнеткерлердің әлеуметтік белсенділігін арттыру, оларды облыс , аудан көлеміндегі мәдени іс-шараларға көптеп тарту. Семинарға Алматы облысына қарасты аудандардағы ардагерлер және бастауыш ұйымдарының төрағалары қатысты. Облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетов ардагерлер ұйымдарының қызметін жандандыру, бастауыш ардагерлер ұйымдарына жұмыстың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану мүмкіндігін беру, оларға барынша қамқорлық жасау, туындаған мәселелерді шешуге көмек көрсету, қарттардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жайына кеңінен тоқталды . Сол сияқты ардагерлер ұйымдарының қоғамдық-саяси өміріндегі рөлін арттырып, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу, олардың өмірде өз орындарын табуына көмектесудің қажеттілігін атап өтті.

Алматы облысы ардагерлер ұйымының беделін көтеріп отырған мол тәжірибесі бар, ел болашағы үшін жаны ашитын, білімді, білікті азаматтар. Алматы облыстық ардагерлер ұйымы өз жұмысына қазіргі заманның талаптарына сай, адамдардың қоғамдық санасында болатын өзгерістерге айтарлықтай жауап беретін, істің жай-күйін объективті түрде талдау, жаңа жұмыстардың нысандарын іздестіруді негіз етіп алды. Осы бағытта жасалған шаруалар өзекті бағыттарды айқындап, ардагерлер ұйымының беделін көтерді, жасалған іс-шаралардың оң бағытын танытты.

Осы ұйымның тарихында биыл бірінші рет «Алатау ардагері» газеті дүниеге келді. Жасалған жұмыстардың нәтижесінде қажетті ақпараттардың көлемі ұлғайып, жариялылыққа бет бұрылды Облыс ардагерлері облыста атқарылып жатқан іс-шараларды енді осы ақпарат құралы арқылы ала алатын дәрежеге жетті. Жаңаша бағытқа бет түзеген қоғамдық ұйымды басқару әдістері де түбегейлі өзгеріп, жұмыстың нақты формуласына көшті. Бұл әрекет мақсатты айқын іс-қимыл жасауға, жергілікті жердегі активтерді оқытуға және ортақ жұмыстарға ұйымдастыруға мүмкіндік туғызды. Осы уақытта облыстық ұйым басшылығының, оның қызметкерлері мен белсенділерінің облыс аудандарына жасаған іссапарларында аудандық ұйымдармен тығыз байланыс жасауға негіз қаланды. Бұл – жаңартылған, жеделдетілген, бір жүйеге келтірілген нәтижелі жұмыстың жемісі.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалы облыс ардагерлерінің шығармашылығын арттыру, оларды қоғамдық шараларға белсене қатыстыру, аудандық ұйымдардың бірбірімен тығыз байланыста болуы, бір бірінің жетістігін дәріптеу мақсатында жүйелі түрде түрлі іс-шараларды өткізіп келеді. Соның бірі

- Жамбыл аудандық Мәдениет үйінде өткен «Ата-баба дәстүрі-ұрпаққа аманат» атты көрме. Алматы облысының 9 ауданы, бір қаласынан келген 41 адам өздерінің қолынан шыққан зергерлік бұйымдарды, алаша, құрақ көрпе, киіз, көрпе-жастық, кимешек, қоржын, жүннен тоқылған киім-кешек сияқты бұйымдар мен ер тоқым, тобылғы қамшы, үзеңгі сияқты ат әбзелдерін, домбыра, қобыз, астауларды, сурет туындыларын ұсынды. Жалпы, көрме қолөнердің зергерлік, тігіншілік, тоқымашылық, ұлттық бұйымдар жасау және суретшілік түрлері бойынша ұйымдастырылды.

Алматы облыстық ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен Жамбыл аудандық Мәдениет үйінде тамыз айының соңғы күнді облысының әр ауданынан 11 адам қатысты.

Облыстық ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен Есік қаласындағы Т.Молдағалиев атындағы мәдениет үйінде «Қарттарым – асыл қазынам» атты өнерпаздар фестивалі өтті. Аталған өнер сынына облыс қалалары мен аудандарының өнерпаз қариялары қатысып, жұртшылық алдында шеберліктерін көрсетті. Ғасыр жасаған ҰОС ардагері Солтанбай Жарықбасов өнер аламанына қатысушыларға ақ батасын беріп, оларға сәттілік тіледі. Аталған өнер сайысында бақ сынағандар хор, халық аспаптар ансамблі, вокалды ансамбль, трио, дуэт, жеке орындаушы, мәнерлеп оқу, би сынды 8 номинация бойынша және шахмат пен дойбы ойнаудан 230-ға жуық ардагер сынға түсті. Өнер додасынан қазақтың дәстүрлі өнерінің қалпын бұзбаған қарттарымызды, алтынға бергісіз ән өнерін жүрегімен әлдилеген әжелерімізді көрдік. Сахна төрінде шырқалып, ел-жұрттың құлақ құрышын қандырып, сезімін оятуы тиіс әндер ұмыт қалмай, осылай жарыққа шығып, жадымызда жүргені-құптарлық іс. Бұл, әсіресе рухани құндылықтардан ажырап бара жатқан кейінгі толқын жастарға керек. Қарттарымыз атақты Біржан сал Қожағұлұлы мен Ақан сері Қорамсаұлының, Абай Құнанбайұлының, Шәмші Қалдаяқов пен Нұрғиса Тілендиевтің туындыларын, халық әндерін де асқақта шырқады. Сонымен қоса өзге этнос өкілдері де ұлттық өнерлерін көрсетіп, жиналған жұртқа жиі қол соқтырды.

дері «Баталы ел көгерер» атты батагөйлер сайысы өткізілді. Бата беру дәстүрін қазақ халқының ұлттық құндылықтарының бірі кейінгі ұрпаққа өнеге ретінде үлгі ету, халық шығармашылығын насихаттау, қазыналы қариялардың бойындағы қасиеттерін дәріптеу арқылы жастарды имандылыққа тәрбиелеу, оларға үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді үйрету мақсатында өткен бұл сайысқа Алма-

(Басы. Жалғасы 2-бетте)

ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

Қонаевтағы ойынханалардың жайы не болмақ?

1 желтоқсанда Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев «Қонаевтағы ойынханалар жабыла ма?» деген сауалға жауап берді, деп хабарлайды Zakon.kz.

Қазір Қонаевта бес ойынхана жұмыс істеп тұр, басқа да ойын бизнесі субъектілері бар. Әкімнің жауабына қарағанда, әзірге оларды жабу жоспарда жоқ.

«Ойынхана саласы мен онда жұмыс істейтіндерді есептесек, шамамен 7,5 мың адам болады. 64 мың адам тұратын қала үшін бұл-үлкен үлес. Өткен жылы ойын бизнесі субъектілері 90 миллиард теңгеге жуық салық төлеген».

Алматы облысының әкімі лудомания мәселесіне де тоқталды. Ол ойынхананың ережелері айтарлықтай қатаң екенін атап өтті: оған бару үшін қалтаң қалың болуы керек. Сондай-ақ туыстарының немесе құқық қорғау органдарының өтініші бойынша адамға ойынханаға кіруге тыйым салынуы мүмкін.

Мобильді интернет арқылы таралып жатқан онлайн ойынханалармен және лудоманиямен көбірек күресуіміз керек шығар.-дейді өңір басшысы.

В 2024 году в Казахстане повысят размеры пенсий и пособий

Согласно закону РК «О республиканском бюджете на 2024-2026 годы» пенсионные выплаты по возрасту вырастут на 9%. А базовая пенсия увеличится в два этапа, передает kazlenta.kz.

В 2023 года минимальный размер базовой пенсии составлял 60% от ПМ, а с 2024 он будет равен 65%.

Что касается максимального размера, то до конца 2023 года он составит 100% от прожиточного минимума, а с 2024 - вырастет до 105%.

Вместе с тем в следующем году на 7% увеличится размер ПМ - с 40 567 до 43 407 тенге. Таким образом, в два этапа минимальная базовая пенсия увеличится с 24 341 до 28 215 тенге, а максимальная - до 45 578 тенге.

При этом новым законом о республиканском бюджете также установлено, что с 1 января 2024 года пенсионные выплаты по возрасту и за выслугу лет вырастут на 9%.

Минимальный размер солидарной пенсии увеличится - с 53 076 до 57 853 тенге. Максимальный размер пенсионных выплат по возрасту в 2024 году достигнет 152 295 тенге.

Кроме того, в 2024 году будут повышены пособия на уровень инфляции, а именно на 7 процентов.

2024 жылғы діни мерекелер күнтізбесі бекітілді. Ораза қашан басталады?

- Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Шариғат және пәтуа бөлімі 2024 жылғы діни күндер кестесін бекітті, - деп хабарлайды Sputnik мүфтияттың ақпаратына сүйеніп.

Күнтізбе бойынша келесі жылы Рамазан айы 11 наурызда басталады. Ал қасиетті Қадір түні 5-нен 6 сәуірге қараған түнге түсіп тұр.

Барша мұсылман үшін оразаның аяқталғанын білдіретін ұлық мейрам Ораза айт 10 сәуірде болады.

Құрбан айттың бірінші күні 17 маусымға сәйкес келіп тұр. Мейрам үш күн тойланады. ҚМДБ діни мерекелердің нақты күндері жаңа айдың көрінуіне байланысты ауысуы мүмкін екенін ескертті.

Подпольную нарколабораторию ликвидировали в Алматинской области

Сотрудниками департамента по противодействию наркопреступности МВД совместно с территориальными подразделениями Восточно-Казахстанской, Алматинской областей и подразделением специального назначения при координации органов прокуратуры проведена крупная операция по ликвидации подпольной нарколаборатории, расположенной на территории Карасайского района Алматинской области, передает Tengrinews.kz со ссылкой на Polisia.kz.



В результате длительных оперативно-розыскных мероприятий 4 декабря задержаны двое мужчин, один из которых является гражданином ближнего зарубежья, организовавшие на территории дачного дома нарколабораторию.

При обыске помещения изъято 130 килограммов прекурсоров, лабораторное оборудование (реактор, стеклянные колбы, электронные весы, тепловые пушки, респираторные маски) и около 12 килограммов готовой продукции психотропного вещества мефедрон.

«Начато досудебное расследование по части 3 статьи 297 УК за незаконное изготовление, хранение в целях сбыта, а также сбыт наркотических средств. Напоминаем, что данные преступления, совершенные группой лиц по предварительному сговору в особо крупном размере, наказываются лишением свободы на срок от десяти до пятнадцати лет с конфискацией имущества», – сообщил заместитель начальника ДПН МВД РК Саркытбай Кусаинов.

Жыл жемісі

ЖЫЛДАР БЕЛЕСІНДЕГІ БЕРЕКЕЛІ ІСТЕР

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Қарасай ауданының орталығы саналған Каскелең қаласындағы аудандық мәдениет үйінде өткен Алматы облыстық ардагерлер ұйымы ұйымдастырған «Атадан қалған асыл сөз» атты конференцияда айтылған әңгіме өзегі ұрпақтардың үндестігі мен жалғастығына арналды.

Конференцияның Қарасай ауданында өтуі тегіннен тегін емес. Бұл ауданда қарттарға арналған «Ардагерлерді ардақтайық!», «Қарты бар үйдің қазынасы бар» және «Қарттарға қамқорлық» секілді көптеген іс-шаралар қолдау тауып, жыл сайын жалғасып келеді. Жыл сайын «Қарттар күні», «Жеңіс күні», «Алғыс күні» және тағы да басқа мемлекеттік мейрам күндері қарсаңында аудан жастары ардагерлерді құттықтап, олардың мағыналы да маңызды әңгімелерін тыңдап, қал-жағдайларын сұрап қайтады. Өмірлік тәжірибесі мол, еңбек жолында жүріп өткен жолдары, ерен еңбектері-бүгінгі ұрпақ үшін үлгі

өнеге. Қарияларымыз да бос қарап жатпай, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, даналықтың үлгі-өнегесін жастар санасына сіңіріп, жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне елеулі үлес қосуда.

Сол конференцияда Алматы облыстық мәслихатының депутаты, С.Нұрмағамбетов атындағы «Sagadat Batyr-QTT» спорт клубының негізін қалаушы Нұрсұлтан Орынбасарұлы әңгімесін жастар тақырыбына бұрып, барлық қозғалыс, өзгерістер жастардың бастамасымен болып жатқанын, аға ұрпақтың жолымен келе жатқан жастар ертең осы жер мен елдің шынайы иесі болу жолында аға ұрпақтың тәлім-тәрбиесін алып келе жатқанын тілге тиек етіп, ұлттық қодымызды сақтап, аға ұрпақтың салған ізін ары қарай апарып, ұрпақ жалғастығының үзіліп қалмауын мақсат етіп, облыс көлемінде «Алатау жастары» қоғамдық ұйымын ашқысы келетінін айтып, ұсыныс тастаған болатын.

Жастар еліміздің экономикасына, әлеуметтік салаларына, қоғамдық

өміріне де, ғылым мен мәдениетіне де, жалпы руханияты мен заңдық-құқықтық-тәртіптік тұрғыдан жақсарып кемелдене түсуіне де өз үлестерін қосуда. Сонымен бірге жастар бабалар аманатына адал болып, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болуы керек. Ана тіліміздің мәртебесін көтеруге үлес қосу, көпұлтты еліміздің бір шаңырақ астында тату-тәтті, ынтымақта өмір сүруі – біздің елдің зор жетістігі. Дәл осы жетістікті одан әрі биік тұғырға көтере беру аға ұрпақтың жастарға жүктер аманаты болып қала бермек. Осы тұрғыдан келгенде құрылып жатқан «Алатау жастары» қоғамдық ұйымы да осы ұлы іске жастар атынан өз үлесін болашақта қосады деген сенім бар.

Ол ұйымға Алматы облысының түрлі саладағы белсенді жастары мүше болып кірді. Жастардың бойында патриоттық сана-сезімді жандандырып, олардың қоғамдағы белсенділігін арттырып, кәсіпкерлікпен айналысатын және өнерлі, спортшы жастарды қолдау мақсатында құрылған ұйымға ардагерлер тарапынан жан-жақты көмек қажет болады. Аға ұрпақ өкілі жастарға үлгі-өнеге мен жол көрсетіп, бағыт-бағдар беріп отырады. Құр жалаң сөзбен ғана емес, нақты ісіміз,үлгі-өнегеміз, өмірлік тәжірибеміз арқылы жастарды еңбекқорлыққа, отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, имандылыққа тәрбиелеу, олардың бойына ұлттық құндылықтарымызды тереңінен сіңіру-біздің басты міндетіміз. Өйткені жастар біздің атқарған жұмысымызға қарап ой түзейді, бой түзейді. Жастардың қоғамдық ұйымы алқасының тізімі баспасөзде жарияланды. Қазіргі уақытта ұйым жұмысының ережесі дайындалып жатыр. Осыған орай әрбір ауданда және Қонаев қаласында «Алатау жастары» ұйымының топтарын немесе филиалын құру қажет. Баршаңызға белгілі облыста және аудандарда жастардың резервтік орталықтары жұмыс істейді. Біз қайткенде де жастарды қоғамдық жұмыстарға көбірек тартып, олардың белсенділігін арттыруымыз қажет.

Облыстық, қалалық, аудандық және бастауыш ұйымдардың қызметіне басшы болып сайланғандар-үлкен өмір мектебі бар, шаруаның мән-жайын анықтап, бағдарлай білетін қарттар. Олардың қатарындағы Үйғыр аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Нұрсейітов, Кеген аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы С.Досымбеков, Іле аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Ә.Ә.Исаев, Қонаев қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы А.Д. Беспаев, Еңбекшіқазақ аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Т.Д.Ұзақов және басқа да аттары аталмаған азаматтар-жаңа заманның тың талаптарына сай өз кәсібінің шеберлігін танытқандар. Осы уақыт ішінде облыстық ұйым аудандық кеңестермен бірігіп, бірнеше іс-шара ұйымдастырды. Жұмыстардың негізгі мазмұны жасалатын іс-шараның озық әдістері мен тәсілдерін көрнекті етіп көрсетіп, басқа ұйымдардың ілгерілеуіне ықпал жасау болды.

Төрткүл дүние қызығып қарайтын еліміздің баға жетпес байлығы – этностар достастығы, яғни тамыры тереңге кеткен татулық. Қазақстан халқының басты парызына айналған бейбітшілік пен ынтымақтың туын биіктетудің маңызы – ел президенті бастаған көштің бел ортасында келе жатқан жастарымыз үшін үлкен өнеге. Ал осы өнегенің бастауында ақылман абыз ақсақалдарымыз-ардагерлер тұр. Облыс ардагерлері Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнайтын Жолдауын ел арасында насихаттау жұмысына да белсене араласты. Айталық, қараша айында өткен Алматы облыстық ардагерлер ұйымының президиум отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың үстіміздегі жылдың қыркүйек айындағы Қазақстан халқына арнаған Жолдауын жүзеге асырудағы ардагерлердің міндеттері жөніндегі Қостанай облысында өткен Республикалық ардагерлер бірлестігі қоғамының көшпелі кеңесіндегі негізгі мәселелер туралы Алматы облыстық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Ілияс Сейтбекұлы Сүгіров баяндама жасады. Ілияс Сейтбекұлы Қазақстанның Еңбек Ері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ардагерлер ұйымы» РҚБ Орталық кеңесінің төрағасы Б.Ізмұхамбетовтың баяндамасында ел Президентінің Жолдауына қысқаша тоқталып, республика ардагерлерінің алдына қойылған 4 міндетті жіктеп айтып берді.Бүгінде облыс ардагерлері өздеріне жүктелген міндеттерді үлкен жауапкершілікпен атқаруда.

Ардагерлер ұйымы қай уақытта болмасын өзін-өзі сақтап қалған, заман өзгерсе де өзінің мән-мағынасын өзгертпеген жалғыз қоғамдық ұйым десек, қателеспейміз. Өйткені қоғамның қаншалықты өркениетті, қаншалықты зиялы екендігі ардагерлерге деген құрметпен өлшенген. Аға ұрпақтың өнегесі, ақылы қай уақытта та қоғамға қажет. 154 мыңнан астам адамды біріктіретін облыстық ардагерлер ұйымы тек ардагерлердің құқықтарын қорғап қана қоймай, жас ұрпаққа отансүйгіштік тәрбие беруде маңызды міндет атқарады. Сол сияқты ардагерлер ұйымдарының қоғамдық-саяси өміріндегі рөлін арттырып, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу, олардың өмірде өз орындарын табуына көмектесу де облыстық ардагерлер ұйымының басты жұмысы болмақ. Жылдар белесіндегі осы берекелі іс одан ары қарай өз жалғасын таба беретін болады.

Алтынбай СИҚЫМБЕК.

Ұлттық құндылықтар

Барлық балалар үйінде, мектепте және басқа да қоғамдық мекемелерде күнделікті қатыгездікке және зорлық-зомбылыққа кездесіп отырады. Баланың болашақта қандай азамат болуы оның мектепте, отбасында, қоршаған ортада алған тәрбиесіне байланысты. Балалар да, ересектер сияқты сыйлау, қол тигізбеу және адамзаттық абыройын сақтау құқықтарына ие. Сондай-ақ Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы мен Азаматтық саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы көзделген заң тарапынан да тең қорғау көрсетілуіне құқылы.

САНАЛЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ-БАРШАНЫҢ МІНДЕТІ

Осы жасөспірімдер арасындағы қатыгездік пен зарлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Жамбыл ауданының аналар кеңесі ауқымды жұмыстар атқарудамыз. Жамбыл ауданында 61 елді мекен, 24 ауылдық округтері бекітілген. Аудан халқының саны 173927 адам. Аудан халқы мен аумағы жылдан-жылға өсіп, көбеюде. Аудан бойынша бір аудандық, 24 ауылдық округ аналар кеңесінің төрағалары, 125 мүшелері құрылған. Аналар кеңесінің жылдық жоспарына сәйкес әр бағыт бойынша, әсіресе отбасы мен бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлудеміз. Әр селолық округтың мектептерімен бірлескен жоспар құрып, аудандық білім бөлімімен аудандық аналар кеңесі меморандумға отырып, біріккен жұмыстар атқаруда.

Мемлекет басшысының 2021 жылғы 21 қазандағы №21-01-10.2 тапсырмасының өңірлерде «Мәдениетті ана-мәдениетті ұлт» жобасын ұйымдастыру туралы 2.1.3 тармағын орындауды ұйымдастыру шеңберінде Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылығы «Мәдениетті ана - мәдениетті ұлт» республикалық жобасын іске асыру бойынша жол картасын жүзеге асыру мақсатында жұмыстар атқарылуда. Бұл жобада отбасы тәрбиесі, ана мәдениеті және ұрпақ тәрбиесі түгел қамтылады.

«Мәдениетті ана - мәдениетті ұлт» республикалық жобасының мақсаты-қоғамда әйел мен ананың рөлін, отбасы құндылықтары мен отбасы институтының маңыздылығын, сондай-ақ жастар мен болашақ ұрпақты рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиелеудегі ата-аналардың рөлін арттыру. Жоба бойынша әр округтерде кездесулер, байқаулар мен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп оң нәтижелерге қол жеткізілуде.

Жаңа 2023-2024 оқу жылында білім беру саласында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жүзеге асырылуда. Біртұтас тәрбие бағдарламасы» ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

ҚР оқу ағарту министрі Ғани Бейсембаев: «Министрлік оқушылармен, ата-аналармен және қоғаммен идеологиялық жұмысты жандандыруға бағытталған 2023-2025 жылдарға арналған Бірыңғай білім беру бағдарламасын әзірледі. Осы жылдың 1 қыркүйегінен бастап барлық білім беру ұйымдарында ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталықтары жұмыс істей бастайды. Олардың ең бірінші басымдығы-балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуін күшейту, бала тәрбиесінде оң мәдениетті дамыту» - деді.

Аудан мектептерінде осы міндеттерді орындау мақсатында Аналар кеңесі мектептермен бірлесіп жаппай жұмыс жүргізе бастады. Ата-аналар саны әр сабақ сайын өсе бастады. Өйткені ата-аналардың қызығушылығы артты. Ата-аналар өздерімен сыныптың ата-аналарын қызыға тарта бастады. Әр сабақ қызықты әрі мәнді өтуі үшін ата-аналармен сабақ ойын, сайыс, дөңгелек үстел, рөлдерге бөліп жағдаяттарды шешу арқылы жүргізілуде. Мектеп психологтары сабақ басында ата-аналарға жақсы көңіл-күйлер сыйлап отыруда. Сонымен бірге сабаққа аудандық Қоғамдық келісім, АПБ-і, прокуратура, аудандық аурухана, Аналар кеңесі, Ақсақалдар алқасы, Ардагерлер ұйымымен бірлескен жұмыс дұрыс жолға қойылды. Мамандардың бала тәрбиесіне байланысты айтқан кеңестері ата-аналарға мұғалімдерге қарағанда ерекше ой салатыны байқалды. Бұл педагогикалық оқуларға, мектеп, колледж оқушылары мен студенттерге ұлттық тәрбие беру дұрыс жолға қойылды. Аналар кеңесінің төрайымы, қоғамдық медиатор ретінде адамдарды қабылдап, жан-жақты құқықтық, психология, педагогикалық, әлеуметтік тұрғыда көмектер көрсетіп отырамыз. Жамбыл ауданы бойынша «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Бақытты отбасы», «Отбасын қалай сақтауға болады?» тақырыптарында Аналар кеңесінің мүшелерінің қатысуымен ата-аналар арасында жиналыстар әр түрлі форматта өтуі мен Медиация жұмысы дұрыс жолға қойылып, 2022 жылға қарағанда кездесулер, жиындар, жеке қабылдаулар саны өскенінің нәтижесінде ажырасу, бала тәрбиесіне қарау, жауапкершілік саны өсті.

Жас жеткіншектермен бала қаіпсіздігі, зорлық-зомбылықтың, ерте жүктіліктің, жасөспірімдер арасындағы қылмыстардың алдын алу мақсатында «Қоғамдық келісім» КММ Жамбыл аудандық филиалы, Ардагерлер ұйымы, Ақсақалдар алқасы, Аналар кеңесі, аудандық аурухана қызметкерлері мен АПБ-нің қызметкерлері, прокуратурамен бірлескен жұмыстар жандануда. Біріккен жоспар бойынша жас ұрпақтармен кездесулер, жиналыстар мен пікірталастарда жас ұрпақты қатігездіктен арылып, сыпайылық пен бауырмашылыққа баулуға күш жұмсалуда. Артынан мектеп театрларының дайындағын қойылымдарын көрсете отырып, адамгершілікке, татулыққа, бауырмалдық пен туыстыққа шақыру жұмыстары жандануда. Осы бірлескен жұмыстардың арқасында аудан бойынша жасөспірімдер арасындағы қылмыстар өткен жылға қарағанда 3 қылмысқа азайды.

Аудан бойынша аналар кеңесімен мектептер, АПБ-мен бірлескен рейдтердің жүйелі жүргізілуінің нәтижесінде ішімдікке салынып, бала тәрбиесіне көңіл аудармайтын, шет елдерден келген танымайтын адамдардың жалғызбасты аналардың қолына кіріп алып тұрып жатқандары, жалпы аналар мен әкелердің ішімдікке салынып кеткендіктері көп анықталып, дер кезінде шаралар қолданылып, кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер тиісті орындарға жіберілді. Ал ата-аналарының істері қаралып, дер кезінде емделіп, дұрыс жолға түсіп, балаларын қайтарып алғандары да болды.

Әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы, толық емес отбасыларға әр түрлі қорлар арқылы тұрғын үйлер алып беру, жұмыспен қамту, құжаттарын алып беру, әр түрлі ұрыскерісті екі жақтың пайдасына шешу және халықтың қажеттілігіне жол жасау, су кіргізу жұмыстарына да араласып, демеушілер мен депутаттар тарта отырып аудан әкімдігінің шығынысыз жан-жақты көмектер көрсетілуде. Айталық, Сарыбастау ауылында 9 баланың әкесіне қайрымды іспен көптің алғысына бөленіп жүрген «Дәулет» қоры жихазымен, барлық жағдайы жасалған үй алып берді. Аудан орталығы Ұзынағашта көп балалы жалғызбасты көпбалалы 9 отбасына осындай қорлар арқылы баспана берілді. Ауданда көптеген этнос өкілдері тұрады. Аудан орталығы Ұзынағаш ауылында ұйғыр, түрік, татар, орыс этно-мәдени орталықтары жұмыс жасайды. Әр орталықтың аналар төрағалары сайланып, аудандық аналар кеңесімен бірлесіп жұмыстар атқарамыз. Әр өткізген іс-шаралар желілерге салынып отырады.

Осындай жұмыстар мектеппен бірлесе жүргізіліп, мектепте театрлар ашылып, студия арқылы әкелер, аналар, әжелер мен аурухана қызметкерлерімен кездесулер өткізіліп, желілерге таратылып, қоғам бойынша

тәрбиелік мәні бар қойылымдар мен кездесулер саны көбеюде. Осы атқарылып жатқан жұмыстар арқылы мектеп, қоғам, ата-ана, бала арасында үлкен байланыс пайда болып, жақсы нәтижелерге қол жеткізуге жетелеуде.

Қорыта келгенде тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Дәл осы өскелең ұрпағымыз ұлттың сапасын құрайды. Сондықтан да қадір-қасиет, ар-намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерге ие шығармашыл азаматты тәрбиелеу-баршамыздың міндетіміз.

Гүлзира СТАНҚҰЛОВА,
Жамбыл аудандық
аналар кеңесінің төрайымы.

Қоғам және әлеумет

ОРТАҚ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ

2023 жылдың 22 қарашасында «Өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығы» КММ орталығында «Стандартты емес өмірлік жағдайлар: мәселелер және оларды шешу жолдары» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті.

Дөңгелек үстелдің мақсаты-қоғамдағы өмірлік қиын жағдайда қалған адамдардың проблемаларын шешу, пайда болған қалыптан тыс жағдайдан шығару кезіндегі бірігіп көмек көрсету, оларды өмірге бейімдеу.

Өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығына тап болған адамдардың мәселелерін шешу үшін Алматы облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқарма басшысы Айгүл Матанқызы Ахметова, Іле ауданы мәслихат хатшысы Роза Михайловна Абилева, Іле аудандық ішкі істер басқармасының жергілікті полиция қызметінің басшысы М.Б.Оразкулов, Іле аудандық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысы Жұмағүл Смаилқызы Әйтенова, ХҚКО қызметкерлері және Іле аудандық полиция басқармасы Көші-қон полициясының басшысы Данияр Нұрболатұлы Бисембаев, Іле аудандық «Мансап» орталығы басшысы Айбек Аманкелдіұлы Рахимбеков, денсаулық сақтау және СЭС мекемелерінің өкілдері дөңгелек үстелге шақырылды.

Дөңгелек үстелді Алматы облысы «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының» басшысы Ахметова Айгүл Матанқызы ашты.

- Бұл өмірде ешбір адам теріс бағытқа түсіп, қиын жағдайға қалмасына кепіл болмайды. Қиын жағдайға түсем деп ешкім ойламайды. Қиын жағдайға түскендерін байқамай қалады. Бұл орталыққа қалыпты стандартты өмірден, қиын жағдайға түсіп, сағы сынған адамдар келеді.

Сондықтан тек әлеуметтік шұғыл көмекпен шектелмей, бірлесіп жұмыс жасау арқылы қиын жағдайға тап болған адамдардың өмірге бейімделу жолындағы мәселелерін шешуге шұғыл кешенді түрде жұмыс жасауға шақырамын, - деді өз сөзінде басқарма басшысы.

Әлеуметтік бейімдеу орталығында атқарылған жұмыстар туралы баяндаманы орталық директоры Г.Жолдыбаев жасады. Баяндама барысына сүйенсек, орталыққа 6 ай жұмыс барысында 67 қызмет алушы жүгінген екен. Бүгінгі таңда орталықта 26 адам тұрады. Орталық 7 бағыт бойынша жұмыс жасайтын көрінеді. Атап айтқанда, әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік медициналық, әлеуметтік психологиялық, әлеуметтік мәдени, әлеуметтік экономикалық, әлеуметтік мәдени және әлеуметтік құқықтық бағыттар бойынша жұмыстар жасалуда екен.

Сонымен қатар әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман Н.Маликова мен психолог маман Г.Қонысбаеваның да баяндамалары тыңдалынды. Олар қатысушы қонақтарға қызмет алушылардың өмірлік жағдайларымен таныстырып, бейімделу орталығының психологиялық жұмыс әдістері туралы баяндады.

Дөңгелек үстелді директордың әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары Ж.Сабирова қорытындылады. Ол өз сөзінде бейімделу орталығының қызметкерлері күнделікті жұмыс барысында кездесетін мәселелерге баса назар аударды.

Дөңгелек үстел айтылған мәселелерді талқылаумен аяқталып, барлық қатысушылар өздеріне қатысты белгілі бір қызмет түрлеріне байланысты мәселелерді шешуде қолдан келгенше көмек көрсетуге дайын екендіктерін білдірді. Жоғарыда аталған мекеме басшылары ортақ меморандумға қол қоюға шешім қабылдады.

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
«Алатау ардагерінің»
тілшісі.
Іле ауданы.

Мерей

Қос ғасыр жүгін арқалап, заманының дүбірлі аламанында жас ұрпақты білім мен тәрбиенің кәусар бұлағына сусындатып, жүрегінің жылуын, нұрлы ақылы мен ыстық қайратын, телегей теңіз білімін аяулы да қымбатты шәкірттеріне, еліне арнаған, өзінің ұзақ жылғы ұстаздық сәулелі ғұмырымен жас ұрпаққа үлгі-өнеге бола білген ұлағатты ұстаз Хапиза Абданбайқызы Күршалиева сексеннің сеңгіріне шығып, бұл күнде ардақты ана, аяулы апа, сүйікімді әже, жас буынға ұстаз атанып отыр.

СӘУЛЕЛІ ҒҰМЫР

Ұзақ жыл ұстаз деген ұлағатты да қасиеттті атқа кір келтірмей, өз шәкірттеріне өз білгенін жалықпай үйретіп, білім нәрімен сусындата білген Хафиза Абданбайқызы осыдан сексен жыл бұрын Алматы облысы, Жамбыл ауданының бұрыңғы Көкөзек, бүгіндегі Саурық Батыр атындағы ауылда өмір есігін ашады. Сол бір тұлымшағы желбіреп, ауылында алаңсыз құрбы-құрдастарының ортасында құлдыраңдап жүгіріп жүрген бүлдіршін, бақытты шағында бір кездері алыстағы бір түкпірдегі ауылда балаларға дәріс беріп, ұстаздық етемін деп ойлады ма екен? Өзі туып, өскен ауылында бойжетіп, мектеп бітірді. Ел қатарлы бұл да астанамыз Алматыға барып, одан әрі білімін жетілдіруді ойлаған. Бала кезінен жанына жақын болған, өзінің жүрегі қалаған мамандығы мұғалімдікті таңдады. Сөйтіп арман қуған жас талап Алматы қаласындағы Қазақтың Қыздар педагогиклық институтының математика факультетіне құжаттарын тапсырады. Жастайынан арифметиканың төрт амалы мен математиканың түйіні қиын шешімдерін қиналмай шешетін Хафиза жоғарғы оқу орнының барлық емтихандарынан сүрінбей өтіп, студент атанады.

Бұл 1962 жыл болатын. 1966 жылы институтты жақсы бітірген соң жолдама өзінің туған ауданыныдағы Ақсеңгір орта мектебіне беріледі. Осы Ақсеңгір орта мектебінде математика пәнінің мұғалімі болып, өзінің ұстаздық жолындағы қиын да қызығы мол ұзақ ғұмыры басталады. Осы мектепте еңбек етіп жүргенінде жоғары білімді инженер- механик, іскер жігіт Микоян ағамызбен танысады. Микоян Есмұханұлыда Қазақтың Ауылшаруашылығы институтын жаңа бітірген жас маман екен. Институтты жақсы бітіруіне байланысты жолдама Алматы қаласындағы беделді кәсіпорындардың біріне беріліпті де, Микоян астанада қызмет істеп жүреді. «Екі жақсы қосылса аспандағы аймен тең» дегендей, екі жас мәңгі бірге болуға серттесіп, үлкен өмір жолындағы соқпақтарын бірге бастайды.

1968 жылы Микоян ағаны облыстық партия комитеті жас маман ретінде шалғайдағы Балқаш ауданының орталығы Бақанас ауылындағы жаңдан құрылып жатқан автотранспорт кәсіпорнына бас инженер етіп жібереді. Өзі жақсы кісіге қай жерде де бір орын бар, демекші білікті де білімді жас маман Хафиза келе Бақанас мектеп-интернатына математика пәнінің мұғалімі болып орналасады. Өзі жұмысқа тұрған Бақанас мектеп- интернаты да ашылғанына бір- екі жылдың көлемі ғана болған жаңа мектеп екен. Мектеп ұжымында өзі секілді кілең жас ұстаздар. Арасында тәжірибелі мұғалімдер де баршылық. Қашанда жаны жайдары, жүзінен күлкі үйіріліп тұратын, ешкімді жатырқамайтын көпшіл жас маманды жаңа ұжым жатсынбай, бірден өздеріне қабылдап алған еді. Осылайша 1968 жылы ауданның шалғай ауылдарында жатқан малшылар балаларына арналып салынған Бақанас мектеп-интернатындағы ұстаздық жолы, қашан зейнетке шыққанша үздіксіз жалғасын табады. Ол кезде де қазіргідей математика пәнінің мамандарына сұраныс жоғары болатын. Ал, математиканы пәндердің атасы дейтін болсақ, сол математика пәнін шәкірт санасына шегелей жеткізу, дұрыс түсіндіріп, шәкірттің осы бір қиын пәнге қызығушылығын ояту ұстаздың ұстазының ғана қолынан келетін шаруа десек, артық айтпаспыз. Міне осы тұрғыдан алып қарағанда математик ұстаз Хафиза Абданбайқызы шәкірт жүрегіне жол тауып, олардың сапалы білім алуына, азда болса санасына математика есептерінің сәулесін төгу жолында инемен құдық қазғандай қалыпта еңбек еткендігін бүгінде біреу білсе, біреу білмес.

- Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтаған, ешнәрсені ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі... мейілінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ.., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсететін... қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек адал адам болуы керек, - деген екен ұлы ойшыл, ғұлама Әл-Фараби ұстазға деген өзінің әділ айтқан трактаттарында. Ұлы ұстаздың осы бар сыйпаттамасын біз өзіміздің кейіпкеріміздің бар болмысымен, бойынан, еңбегінен көрініс тапқанын айтсақ асылық айтпаспыз. Оны Хафиза ұстаздың да бүгіндері еліміздің әр түкпір-түкпірінде әр салада еңбек етіп, өмірден өз орындарын лайықты тауып, егемен еліміздің көркейіп, өсіп, өркендуіне өз үлестерін қосып жүрген шәкірттерінің де ұстаздарына айтып жатқан жүрекжарды жылы лебіздерінен айқын аңғаруға болады. «Шәкіртсіз ұстаз-тұл». Шәкірт демекші ұлағатты ұстаздың өзі «Мен жер- жердегі ерен еңбек үлгісін танытып жүрген көптеген шәкірттерімнен менің адресіме айтылған жылы лебіздерін білдірген хат-хабарларды жиі алып жатамын. Тіпті олардың кейбіреулері зейнет жасында болсада мені осы күнге дейін ұмытпай, хабарласып жататынына мыңда бір шүкір!», - дейді қарт ұстаз. Міне, ұстаздық еткен жалықпай дегендей ұзақ жылғы шәкірт санасына білім нәрін құюдағы еңбегінің еш кетпегенінің нәтижесі осындай болса керек.

Үйде отағасы басты тұлға болса, отанасының үй тіршілігі әсте біткен бе? Сыртта мектептегі сабағы біте салысымен үйге жүгіретін. Үйдегі үйелмелі- сүйелмелі болып өсіп келе жатқан өзінің де ұл-қыздары бар. Олардың тамағы, сабағы дегендей. Отағасы Микоян болса жылдан жылға қызмет бабы өсіп, беделі артып, жора-жолдас көбейіп, бұған да жүктелер жауапкершілік еселеп артқан. Басшылық қызметте жүрген жұбайының келімді-кетімді қонағы бар дегендей. Міне, осылардың бәріне бірдей үлгеру керек, баланың да жұбайының да жағдайын таба білу керек. Қайран жастық шақ! Ешнәрседен қаймықпайтын, жалықпайтын, шаршап-шалдықпайтын тамаша бір кезеңдер екен-ау. Соның бәрін бір өзі жүгіріп жүріп бітіріп тастайтын, бәріне бір өзі үлгеріп жататын. Кейін балалары есейіп, ержеткен соң өзіне қолқанат болып, қолы жеңілдеп қалғаны.

Шығыс ойшылы Жүсіп Баласұғын «Адамның мәңгі болмағы оның ары мен елі үшін еткен еңбегінде», деген екен. Рас-ау. Хафиза Абданбайқызы дүниедегі мамандық атаулының төресі-ұстаз деген аяулы атқа жарты ғасырға жуық уақыт еңбек еткен кезінде бір қылауда сөз келтірмеген екен. Құдай қосқан қосағы Микоянда өзінің мамандығына шын берілген, еткен еңбегін адал атқарған арда азамат болды. Екі жақсының кіндігінен бес бала өрбісе, Микоян ағаның ертерек қайтыс болып кеткен бауырының алты баласын бауырларына басып, өз балаларынан кем көрмей, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай, тәрбиелеп, өсіріп, бәрін де оқытып, адам қатарына қосуы да Хафизаның аналық жүрегінің қандай кең екендігін көрсетпей ме. Құдайға шүкір бүгінде осы өздері тәрбиелеп өсірген он бір алтындарынан 21 немере, 16 шөбере сүйіп отырған ардақты ата, сүйікті әже. Алланың берері таусылмасын деген осы. Бір кездері Бақанасқа бір шағын жүкпен, салт бастары келген екі жас маман, бүгінде жан-жағын қоршаған қараормандай көбейіп, өсіп өнген. Берісі Бақанас ауылы, арысы Балқаш ауданының қадыр тұтар, ақыл сұрар қариялары. Микоян аға Балқаш ауданының Құрметті азаматы. Аудандық ардагерлер алқасының мүшесі. Ал, Хафиза Абданбайқызы Бақанас ауылындағы ардагерлер кеңесіндегі тапсырылған жұмыстардан сырт қалып көрген емес.

Хафиза Абданбайқызы Бақанас мектеп-интернатынан кейін, зейнетке шықтым екен деп қарап отырмай, 1994 жылдан 2006 жылға дейін №10 Бақанас кәсіптік-техникалық училищесінде математика пәнінің мұғалімі болып он екі жыл сабақ берді. Мұнда да абыройсыз болған жоқ. Тәжірибесі толысқан, ұлағатты ұстаз кәсіптік білім беру ордасының бетке ұстар мұғлімі болды.

Қарт ұстаздың ұзақ жылғы білім беру саласындағы еңбегі лайықты бағаланып, ескерусіз қалған жоқ. Еткен еңбегіне қарай еңбегі бағаланып жатты. 1977 жылы «Қазақ ССР і Халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісімен марапатталса, 1986 жылы «СССР Оқу ағарту ісінің үздігі» атағымен марапатталды. 1988 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. Бұдан тысқары облыстық, аудандық оқу бөлімі тарапынан алған Құрмет грамоталары қаншама.

«Есік алды төбе болса ерттеп қойған атпен тең. Ақылды қартың болса, жазып қойған хатпен тең». «Қариясы бар үй- құты бар үй», - дейді екен бұрыңғылар. Бірі сексен бестен асып, енді бірі сексеннің сеңгіріне шығып отырған, қос аққудай жұбын жазбай ,қол ұстасып бірге келе жатқан Микоян ағамыз бен Хафиза апайымыздың шаңырақ көтеріп, үй болғандарына да 55 жыл болыпты. Уақыт шіркін неткен зымыран десеңізші! Бәрі де күні кеше ғана сияқты емеспе еді. Қосағыңмен қоса қартаю деген нағыз бақытты қартаю, әдемі қартаю деп білеміз.

Ұзақ жылғы еткен еңбегінің зейнетін көріп, нағыз кемел шағына келген ұлағатты ұстаз Хафиза Абданбайқызы өзінің бақытын ұстаздық жолы мен қатар отбасы жылулығынан тапқан жан. Халқымыздаәйелдер арасында 80 мен 90 жас аралығын Ақүрпек ана дейді екен. Ендеше Ақ үрпек ана жасына келген апамызға 100 жасқа, яғни Кейуана жасына аман-есен жетуіңізге Алла нәсіп етсін дейміз.

Сағидолла СИҚЫМБАЙҰЛЫ,
Халықаралық жазушылар одағының, Әлем халықтары жазушылар одағының, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстанның Құрметті Шекарашы ардагері, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының, Баубек Бұлқышев атындағы сыйлықтың лауреаты. Отставкідегі полковник.

16 желтоқсан-Тәуелсіздік күні

ТӘУЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ!

16 желтоқсан – ата бабамыздың арманы орындалып, жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген Тәуелсіздік күні. Бұл атаулы күн 1991 жылғы желтоқсанның 16-сында Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев қол қойған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» және 2008 жылғы 25 маусымдағы және 2009 жылғы 22 сәуірдегі заңдармен өзгертулер енгізілген 2001 жылғы желтоқсанның 13-інде «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес атап өтіледі.

Тарихқа көз жіберетін болсақ, Тәуелсіздік – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында алаңға шыққан жастардың ерік-жігері, ең алдымен барша қазақстандықтардың арман-мұратының салтанат құруы. Патша дәуірінде де, Кеңес Одағы кезінде де тәуелсіздікке деген ұмтылыс халықтың едеуір бөлігінде қалыптасты. Біз-бірнеше жүз жыл отаршылдықтан кейін XX ғасырдың аяғында қайта жаңғырған мемлекетпіз. Тәуелсіздік – бұл азап пен төзімнің, халықтың сан ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған шыдамының өтуі.

Қазақстанның тәуелсіз, егеменді ел ретінде танылғанына аз уақыт болған жоқ. Тәуелсіздік сияқты ұлттық мерекені бүгінгі таңда қазақ халқы жүрегімен сезінуі керек. Тәуелсіз елдің ең басты тұғыры-ол қоғамның, сол мемлекеттегі жергілікті ұлттың рухы, жігері, қоғамдық санасы. Басты байлық-жай ұлттық мүдде емес, азаматтардың мүддесі мен қажеттілігі. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның бүгінгі құдіретті күші ел бірлігінде, ұлттар татулығында жатыр. Қазақстан үшін XXI ғасыр тарихының парағы парасат пен пайымға толы.

Біздің стратегиялық міндетіміз ең бірінші тұрғындардың өмірінің сапасы мен тұрмыстық деңгейін көтеру болып табылады. Желтоқсан көтерілісі-1986 жылы 17-19 желтоқсан аралығында Алматыда болған қазақ жастарының КСРО үкіметінің отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық іс-қимылдары. Бостандыққа, тәуелсіздікке ұмтылған қазақ халқы тарихындағы елеулі оқиға болып табылады. Желтоқсан көтерілісіне КОКП ОК-нің қаулысымен «қазақ ұлтшылдығының көрінісі» деген баға беріліп, көтеріліске қатысқан азаматтар қуғын-сүргінге ұшырады. КСРО-ның тоталитарлық, отаршыл саясатына қарсы қазақ жастарының азаттық күресі тарихи маңызы бар үлкен оқиға болды.

1991 жылы КСРО ыдырап, Одақтың құрамындағы елдер өз алдарына жеке мемлекет болып жатты. Солардың қатарында Қазақстан да болды. 1991 жылы 16-желтоқсанда Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі «Тәуелсіздік пен мемлекеттің егемендігі туралы» заңды қабылдады. Ескеретіні, Қазақстан КСРО құрамындағы елдердің арасында ең соңғысы болып Тәуелсіздігі туралы заңды қабылдады. Бұл заң 1990 жылы 25-қазанда қабылданған Қазақстанның Егемендігі туралы Декларациямен бірге Қазақ елінің елдігін нығайта түсті.

Қазақстанның Тәуелсіздігін ресми түрде ең алғаш болып Түркия мойындады, екінші болып айдаһардай айбарлы Қытай, сонан соң Ұлыбритания мойындады. Оның артынан Моңғолия, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея және Иран Ислам мемлекеті мойындады. Иран-Қазақстанның тәуелсіздігін мойындаған алғашқы мұсылман мемлекеті. Ал «Тәуелсіздігімізді ең алғаш болып бауырлас Түркия мемлекеті мойындады» деген сөздің ақиқат еместігін білгеніміз жөн. Түркия алғаш болып Қазақстанда өз елшілігін ашты, бірақ тәуелсіздігімізді мойындауда он жетінші болды. Бұл деректі еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін Сыртқы істер министрінің орынбасары қызметін атқарған, елдің сыртқы саясат тұжырымдамасы авторларының бірі болған Вячеслав Ғиззатов келтірген. ҚР Сыртқы Істер министрлігінде

тіркелген дипломатиялық құжаттарда Түркияның Қазақстан тәуелсіздігін ресми түрде мойындайтын протоколға 1992 жылдың 2-наурызы күні қол қойғандығы көрсетілген. Алғашқы күндері әлемнің салмақты елдері мойындап, кейіннен басқа да елдер мойындап жатты. Осылайша әлемдік саясат аренасында Қазақстан деген мемлекет тәй-тәй басты. Небары бірнеше аптаның ішінде әлемнің көптеген беделді елдері Қазақ елінің тәуелсіздігін мойындап, дипломатиялық қатынастар басталды.

Тәуелсіздік күні-бұл жай ғана мереке емес, ол Қазақстанда тұратын барлық халықтардың еңбекқорлығы мен достығының нәтижесі. Тәуелсіздік - ең басты құндылығымыз. Тәуелсіздікке қантөгіссіз, бейбіт түрде қол жеткізгеннен кейін ғана елімізді әлемнің өркениетті мемлекеттерінің қатарына қоса алдық. Осы жылдар ішінде тәуелсіз Қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелектерінен аман өткізіп келеміз. Осы кезеңде Қазақстан дүние жүзіндегі ең мықты мемлекеттер танитындай, сыйлайтындай деңгейге жетті. Мемлекет басшысы Қ.-Ж.Тоқаев жаһандық жаңа ахуал жағдайындағы жүрер жолымызды, барар бағдарымызды белгіледі. Халықтық реформалар арқылы жаңа деңгейдегі мемлекетке айналуды көздейтін маңызды бастамалар іске асырыла бастады.

Бұл күндері еліміз тәуелсіздіктің төртінші белесіне аяқ басып отыр. Ел президенті Қ.-Ж. Тоқаев Тәуелсіздіктің отыз жылдығында еліміздің дамуын үш онжылдық белеске бөліп, әрқайсысына арнайы тоқталған болатын.

«Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет.

Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз. Кез-келген істе әділдік қағидатын басшылыққа алсақ, бұған анық қол жеткіземіз. Мысалы, тұрғындардың тұрмысын жақсарта түспесек, еліміздің жетістіктері мен халықаралық табыстарын мақтан ету артық. Азаматтарымыз экономикалық өсімнің игілігін сезіне алмаса, одан еш қайыр жоқ. Мен әрбір шешімді қабылдар сәтте осы ұстанымды басшылыққа аламын. Біз халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартумен қатар, барлық азаматтардың мүддесін бірдей қорғаймыз. Менің ұғымымдағы әділетті мемлекет дегеніміз - осы» - деген еді.

Әлеуеті бүгінгіден әлдеқайда аз болған заманда да егемендік туын еңкейтпеген қабырғалы халқымыз бұл кезеңнен де абыроймен өтеріне бек сенеміз. Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстануымыз қажет. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс.

Алтынбай СИҚЫМБЕК.

Жалынды жастың жанайқайы

ЖЕЛТОҚСАН ЖЕЛІ ЫЗҒАРЛЫ

Тоңдырды мені, Тоңдырды сені Желтоқсан желі, ызғарлы, Солдырды нұрды, Көңілде мұңды із қалды... 1986 жыл. Желтоқсан айы. Алаңда ақ қарға өр намыстың алауын жаққан, қаншама жалындаған жас толқын қыз-жігіттердің жүректеріне жара, өміріне көлеңкесін түсірген, Ұлт тарихында өшпес із қалдырған аса айтулы құбылыс – Желтоқсан көтерілісі. 1986 жылғы Желтоқсанның ызғарында намысты ту етіп көтерген қазақтың өрімдей жастары, тоталитарлық режимге қарсы шығып, ақ мұзда алау жаққаны-биік рухтың, елжандылықтың жарқын көрінісі. Еркіндік пен теңдікті талап еткен Қазақ жастарының қозғалысы болатын. Алматы қаласында жаны «қазақ» деп соққан, ұлтжанды жастар 1986 жылы желтоқсан айынның 16-18 күндері Орталық алаңға наразылық білдіріп, шеруге шықты.

«Қазақ еліне өз ұлтынан көсемі сайлансын! Тәуелсіздік керек!» деген талаптар қойып, қарусыз-қамсыз күйде, бейбіт түрде тілектерін білдірген еді. Сол кездегі үкімет басшыларының бұйрығымен шерушілерге қарсы басқа республикадан әскери жасақтар шақыртылып, күш көрсетілді. Ұлт намысын жоқтап, көкейдегісін білікке ашық айтқаны үшін ғана темір таяқтарға жығылып, қыздардың шашынан сүйреп,

аяусыздықпен ары қорланып, жігіттердің ар намысы тапталды. Оқиғадан кейін қазақ жастарына «ұлтшыл», «нашақор», «маскүнем», «бұзақы» деген айыптар тағылып, Одақ көлеміндегі басылымдар мен теледидарда үдере айыптап жазып жатты. Желтоқсан қозғалысына орай, жалпы шерушілер ұсталып, партия және Ленин комсомол жастар одағы мүшелігінен шығарылды. 300-ден аса жас студенттер жоғары оқу орнынан шығарылып, көптеген жұмысшылар жұмыс орнынан босатылды, 99-ы түрмеге жабылып, қазақтың қаһарман азаматтары бастарын бәйгеге тікті. Ербол, Сабира, Ләззат, Қайраттар халқының азаттығы үшін жанын пида етіп, қыршынынан қиылды. Жан жарасының сызы кетер емес...

Екінші жағынан 16 желтоқсан батырлық салтанат құрған күн болды. Желтоқсандық жастар осы қаһармандықтарымен бұрынғы одақтас кеңес еліндегілерге жол көрсетті, сол үлгі арқылы тәуелсіздік жолындағы үлкен күрес басталды. Дүниені дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасы тарих бетіне алтын әріппен жазылды. Міне, Желтоқсанның ызғарлы күнгі естелігіне 37 жыл өтсе де санада жаңғырады. Жылдар өткен сайын Желтоқсан көтерілісінің маңызы мен оның қатысушыларына деген құрмет артып келеді. Желтоқсан – ел тарихы, ерлік тарихы. Азаттық, тәуелсіздік жолындағы күреске жол ашқан Желтоқсан көтерілісі – рухты оятқан күрес.

1991 жылы 16 желтоқсан әлем картасында жаңа жас Қазақстан Республикасы пайда болды. Бұл-тәуелсіздік қанша ғасырдан бері армандап келе жатқан бұрынғы ата-бабаларымыздың аңсаған арманы, аналарымыздың көз жасы және 1986 жылдың ызғарлы желтоқсанында жандары шырылдап, шындықты шыжғыра айтқан жастардың жанайқайы...

Еліміз қалай болғанда да сан ғасырлық қиын қыстау, тар жол тайғақ кешуден өтіп, тәуелсіз елдер қатарына қосылды. Тәуелсіздік Отанымыздың әрбір азаматы үшін қасиетті, себебі ол оңайлықпен келген жоқ.

Тәуелсіз халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа деген үмітін, арман-тілегін паш ететін, ортақ мақсатқа топтастырып, біріктіруші күшке ие мемлекеттік рәміздерді көзіміздің қарашығындай сақтап, қастерлей білейік!

Әнұранымыз асқақтап, тәуелсіздігіміздің көк туы желбірей берсін!

Р.ҚАЛДЫБЕКОВА,
Алматы облысының мемлекеттік архивінің қызметкері.

Армандастар, құрдастар

БИІКТІ БАҒЫНДЫРҒАН ТАУ ҚЫЗЫ ТОЛҒАНАЙ

Жақында ғана Хантәңірінің ардақты қызы Толғанай Қасымхан Арменияда бокстан өткен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында үлкен жеңіске жетіп, егеменді еліміздің көк байрағын көкке желбіретіп, әлем чемпионы атанды! Бұл-егеменді еліміз үшін асқақ абырой, биік мерей! Алпыс килограмдық салмақта өнер көрсететін Толғанай Ресейдің боксшысы Кира Леоновамен кездесіп, 3:2 есебімен жеңіске жетті. Бұған дейін Толғанай желтоқсан айының басында Астана қаласында өткен Азия біріншілігінде де топ жарып, Азия чемпионы атанған болатын.

Хантәңірінің етегінде жатқан Нарынқолда туып-өскен Толғанай бала кезінен спортпен айналысқан. Оның отбасында өзінен басқа төрт бауыры бар. Оның ата-анасы Болат Ақынов пен Жазира Сәлімжанова көп балалы болса да Толғанайдың жанжақты болуына жағдай жасай білді. Бастапқыда Толғанай домбыраға, содан соң вокалға қатысты. Ғылыми олимпиадаларында да жақсы нәтижелерге жетіп жүрді. Бірақ, оның спортқа деген қызығушылығы барлығынан жоғары тұрды. Ендігі жерде домбыра мен вокалдан басқа сабақтан тыс уақыттарда ақырындап оңашада бокспен айналыса бастады. Бокс оның болашағы екендігін түсінген күннен бастап Нарынқолдағы «Райымбек батыр» атындағы спорт кешенінде шеберлігін шыңдай бастады. Бұл орайда Толғанайдың алғашқы күннен–ақ жанына жақын тартып, өзінің бар тәжірибесін ерінбей жас қызға үйреткен жаттықтырушысы Қалқаман Ізбасарға деген алғысы шексіз. - «Оң аяқпен рингке кірген сәттен бастап жұлдызым жарқырап сала берді. Менің түсінгенім шыдамдылық пассивті күту емес. Шыдамдылық-бұл сіздің мақсаттарыңыз бен армандарыңызға жету үшін қажет процесті белсенді түрде қабылдау. Бастаған іс-әрекетіңіз өз нәтижесін бермесе, тек өзіңізді қамшылаңыз. Он сегіз мың ғаламда жарқырап жану-тек еңбек пен сабырдың арқасында келетін олжа. Күте біліп, әркет жасап, шыңдалған еңбек, төгілген тер мен шыққан жас өзіме берілген күш-жігер мені аядай ауылдан әлемге дейін алып шықты. Бес жыл ішінде сан мың саңлақ қатысқан дүбірлі доданың куәсі болдым, - дейді Толғанай қуанышын жасыра алмай.

Шынында да Толғанай бес жыл ішінде көптеген жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды жеңіп алды.

Райымбек ауданы Бердібек Соқпақбаев атындағы орта мектептің 11 сыбында үздік оқитын Қасымхан Толғанай Болатқызы-Райымбек ауданының 4 дүркін жеңімпазы, Алматы облысының 5 дүркін жеңімпазы.

Алматы қаласында өткен Е.Ибраимовтың құрметіне арналған халықаралық турнирде 3 орын алып, спорт шеберіне үміткер атанды.

Талдықорғанда өткен Дәукен Смағұловты жүлдесіне арналған республикалық турнирде 1 орынды және жылдың ең үздік боксшысы кубогін жеңіп алды.



Қызылордадағы Жалаңтөс Баһадүрді еске алуға арналған республикалық турнирде 2 орынды, Қостанай қаласының ашық чемпионатында 1 орынды, Талдықорғандағы Дәукен Смағұловтың жүлдесі үшін Азия чемпионатына іріктеуде 1 орынды жеңіп алды.

Өзбекстандағы Республикалық турнирде 3 орынды, Шардара қаласында өткен халықаралық турнирде 1 орынды иеленді. Арменияның Ереван қаласында өткен 2007-2008 жылдары дүниеге келген жасөспірім қыздар арасында Азия чемпионатының жеңімпазы, Мағжан Иембергенді еске алуға арналған республикалық турнирдің 2 дүркін жеңімпазы атанды.

Болашағынан зор үміт күттіретін арманшыл Толғанай мектепте өте жақсы оқиды, қоғамдық шаралар мен спорт үйірмесіне (бокс,жүгіру,жеңіл атлетика) белсене араласады. «Алтын» белгіге үміткер. Әрдайым спорттың заңғар биігінен көрінгін, Хантәңкірінің талапты қызы Толғанай!

БӘРІ ДЕ АУЫЛ ҮШІН!

Талғар ауданы Тұздыбастау ауылында мына нарық билеген заманда еңбектің көзін, пайданың өзін тауып, сол тірлігімен маңайына шапағатын тигізіп жүрген жастардың бар екенін газетімізде жазып келе жатырмыз. Сол топқа тағы бір жасты қосқымыз келеді. Бүгінгі әңгіменің арқауы жас кәсіпкер Ержан СӘТТІБАЕВ туралы болмақ.

Ержанмен оның кеңсесінде кездестік. Атам қазақ «Қазаққа билік бер, кім екенін көресің» деп кеткен ғой. Астына тәуір көлік мінгенімен менмендігі жоқ, қарапайым қазақтың баласы екенін көркем мінезі мен байыпты сөзінен байқадым. Жылы шыраймен қабылдап, қойылған сұраққа ағынан жарылып, жауап беріп отыр.

Тәуелсіздік алғанымызға төртінші онжылдыққа аяқ бастық. Алғашқы жылдары кешегі «үкімет майды. Бар үміті астындағы темір тұлпары ғана болған секілді. Оны тәуекелге жібермесе, ертеңгі күніне деген үміті жанбайтын сияқты. Көлігін қимаса көлік мінгеніне ғана риза болып жүре беретін секілді. Түпкі мақсатын үшін жарты жолда құрбандыққа бару керек екенін ой-түйсігімен түсініп, түйіндеген ол темір тұлпарын құрбандыққа шалған екен.

Сөйтіп, кәсіпкерлік деген дүние темір тұлпардың бағасы болған

өлтірмейді» деген қағида өміршеңдігін тоқтатып, ескексіз қайықтай болған кезіміз есімізде. Есі барептілер істің байыбын, замана тамырын ұстап, өлместің күнін ойлай бастады. Келер күннен үміттерін үзгендердің мақсат-мұраттары бір стақан арақтың түбіне батып кетті. Көбісінің келе-келе нарықтың заңына да бейімделіп, істері оңға баса бастады. Одан кейін де бірнеше ұрпақ толқындары кәсіпкерлік деген дүниенің ащы-тұщы дәмдерін татып көрді. Сол толқындардың бірі Ержанның замандастары еді. Ержан да сол замандастары секілді о баста еңбек жолын басқа салалардан бастапты. Жеке кәсіп ашып жатқандардың тірліктері жас жігітке ой салса керек.

Әдетте бір істі бастау үшін алғашқы капитал деген дүние қажет. Онсыз атың бәйгеге қосылмаған спорт кешені бөлек әңгіменің тақырыбы болары сөзсіз. Бұл жерде күніне спорттың сегіз түрінен жаттығулар өтеді екен. Ондағы жасөспірімдердің спорттық жетістіктері де жоқ емес. Олармен арнайы тәжірибесі бар жаттықтырушылар айналысуда.

«Сауда болсын, емхана, спорт кешені болсын, осының бәрі-ауыл халқына қажетті дүниелер» дейді кәсіпкердің өзі. Жоғарыда «негізгі кәсіп саудадан басталды» деген болатынбыз. Әдетте сауда саласынан кәсіп ашқандар тезірек пайда табудың жолын іздегендіктен бе, тез өтетін арақ, темекі, сыра секілді тауарларды толтырып қояды. «Сәтті» сауда кешенінде ондай заттарды таппайсыз. Азық-түліктің бәрі-халал.

- Спортты насихаттап, ауыл жастарына спорт кешенін пайдалануға бергенде, екінші жағынан адам ағзасына зиянын тигізетін аздаған қаржыдан басталған көрінеді. «Талпынған жетер мұратқа» деген бар. Алғашқы тірлік саудадан және дәріхана ашудан басталыпты. Кейін оларға сән салоны қосылған көрінеді. «Ананы ашты, мынаны ашты» деген айтар ауызға ғана оңай дүние ғой. Кәсіпті жүргізуде бір көліктің құнымен алысқа шаппасы анық. Амал жоқ жеке банктерден несие алуға тура келген. Оны қайтарып, қайтадан алуға тағы да тура келген.

Одан бері он бес-он алты жылдың жүзі болған екен. Бұл күндері Тұздыбастау ауылының етек жағындағы «Сәтті» сауда кешені мен мұндалап, анадайдан көзге түседі. Одан бөлек жолдың оң жағында екі қабатты зәулім үйдің маңдайшасында «ЕМ-Клиникс» деген жазуы бар медициналық орталық та-Ержан ашқан көп дүниенің бірі. Ауыл жастарына арнайы арақ, сыра, темекі секілді дүниелерді саудаға қойғаным өзім ұстанған ұстанымға қайшы келеді. Сондықтан «пайда таппасам, таппай-ақ қояйын, алайда азық-түлігім халал болсын» деген ұйғарымға келдім.-дейді кәсіпкер. Оның осы ойына «дұрыс позиция» деп баға бердік.

Тіршілік деген таусылған ба?! Кешегі тірлігіне енді ауылды жарықтандыру, сумен қамтамасыз ету және интернет желілерін тарту секілді ауыл тұрғындарына қажетті дүниелер бойынша қызмет жасау міндеттері қосылған екен.

- Оларды жүргізу құқықтарына ие болу үшін арнайы тендерге қатысамыз.-дейді Ержан.

Мемлекеттік қызметтегідей емес, жеке иеліктегі кәсіпкер үшін жасап жатқан тірлігіне көзқарас, жауапкершілік жүгі ерекше болады. Жеке кәсіппен айналысқанына он бес жылдың жүзі болған Ержан кезекті еңбек демалысы дегеннің не екенін білмейді екен. Биыл жазда «өзі үшін бір демалысын арнаймын» деп бір жетіге Алакөлге ат басын бұрған екен. Оның өзін толық өткізуге ауылдағы тірлік мұрша бермеген көрінеді.

Қазақта «жақсылықты алдымен өзіңе жаса, қала берді жақыныңа, одан қалса халқыңа жаса» деген сөз бар. Он бес жылда кәсібі аяғына тұрғандай болған Ержан жағдайы төмен отбасыларына ауыл жастарымен бірлесіп, қайырымдылық қолын созып жүргені де баршылық. «Жаман бергенін айтады» деген. Соны өзі көп жарнамалағысы келмейтін секілді.

Жас кәсіпкердің алға қойған арман-мақсаттары көп. «Соларға жетсем» дейді. Сол жолда талмай еңбек етіп келе жатқаны да сондықтан. Нарықтың иіріміне ілесіп, өз дүниесін, өз ісін адаспай алып келе жатқан Ержан Сәттібаевтың әлі алар асуы алда деп ойлаймыз.

Алтынбай СИҚЫМБЕК,
«Алатау ардагерінің» тілшісі.
Талғар ауданы.

ЖЕЛТОКСАН СЫНАҒЫ

Намысын бабалардың
бермей қолдан,
Ұлттың ұлт қалпын
сақтап қалған.
Жұдырықтай жүрегін
түйіп алып,
Жастар Бостандықты
Ұрандатқан.

Томирис анамыздай
батыр қыздар,
Қиын шақта ерлерден
қалыспаған.
Суығына қарамай
желтоқсанның,
Бірінші болып қатарды
бастап тұрған.

Сынағы болар Алланың
елге берген,
Сынақтың соңы болсын
елге түскен.
Жастармен сынамақшы
о, Тәңірім,
Халық үшін аянбас олар
жанын!

Н.РОМАН.
Ақши ауылы
Еңбекшіқазақ ауданы.

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы»
Республикалық қоғамдық
бірлестігі Алматы облыстық
«Ардагер ұйымы» филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сиқымбек
Тел.: 8 705 965 3661
Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі , 23-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.

«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 4000,
Тапсырыс №2062
Индексі – 65472.